

## Бейнеу ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 12 ақпандағы N 4/54 шешімі мен Маңғыстау облысының әкімдігінің 2008 жылғы 17 қаңтардағы N 29 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 7 наурызда N 2002 тіркелді.

Бейнеу аудандық мәслихаты мен Бейнеу ауданы әкімдігінің Бейнеу ауданының әкімшілік - аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы ұсынысын қарай отырып, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына 2-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Ақжігіт ауылдық округінің құрамынан жалпы көлемі 13 000 га аумақты Тәжен ауылын шығара отырып, шекарасы өзгертілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 21.05.2015 № 148 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 21.05.2015 № 25/390 бірлескен қаулысымен және шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім мен қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*К. Уйсинбаев*

*К. Кушербаев*

*Облыстық*

*мәслихат*

*Облыс әкімі*

*хатшысы*

\_\_\_\_\_ *Б. Шелпеков*